

М. ЖОЛЖАНОВ-ӨЛКЕТАНУШЫ, ЗЕРТТЕУШІ

Сабырғалиева Жансая Сексенқызы

jansayaseksenqyzy@mail.ru

7М01601-«Тарихшы-педагог»; 2 курс магистранты

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., қауымд. профессор Ахмет А.Қ.

Аннотация Мақалада белгілі өлкетанушы, зерттеуші Мақсот Құмарұлы Жолжановтың Еділ-Жайық өңірі тарихына арналған еңбектеріне шолу жасалады. Автор Бөкей ордасының құрылуы, ежелгі заманнан бастап осы аймаққа адамдардың қоныстануы, тайпа одақтарының ауысуы, қазақтардың Жайықтан батысқа көшуі, хандықтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы туралы мәліметтерді Жолжановтың «Еділ-Жайық – екі су» зерттеу еңбегіне сүйене отырып талдайды. Өңірдің тарихи маңызы, прогрессивті өзгерістер мен қайшылықтар, сондай-ақ Бөкей даласының қазақ интеллигенциясы мен мәдениетінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетілген.

Кілт сөздер: М.Қ.Жолжанов, өлкетану, Бөкей ордасы, Еділ-Жайық, қазақ тарихы, Құрманғазы, зерттеу

Аннотация. В статье дается обзор трудов известного краеведа и исследователя Максота Кумаровича Жолжанова по истории Прикаспийского региона Едил-Жайк. Автор анализирует историю образования Букейской орды, заселение территории с древних времен, смену племенных союзов, переселение казахов на запад от Яика, социально-экономическое и культурное развитие ханства на основе исследования Жолжанова «Едил-Жайк – две реки». Показана историческая значимость края, прогрессивные изменения и противоречия, а также вклад Букейской степи в формирование казахской интеллигенции и культуры.

Ключевые слова: М.К.Жолжанов, краеведение, Букейская орда, Волга-Яик, казахская история, Курмангазы, исследование

Annotation. The article reviews the works of the famous local historian and researcher Maksot K. Zholzhanov on the history of the Edil-Zhayyk region. The author analyzes the formation of the Bukei Horde, the settlement of the territory since ancient times, the succession of tribal unions, the resettlement of Kazakhs to the west of the Ural River, and the socio-economic and cultural development of the khanate, relying on Zholzhanov's research "Edil-Zhayyk – Two Rivers". The historical significance of the region, progressive changes and contradictions, as well as the contribution of the Bukei steppe to the formation of Kazakh intelligentsia and culture are highlighted.

Keywords: M.K. Zholzhanov, local history, Bukei Horde, Volga-Ural, Kazakh history, Kurmangazy, research

М.Қ.Жолжановтың өзекті зерттеулерінің бірі – Еділ мен Жайық тарихы. Өлкетанушының «Еділ-Жайық – екі су» зерттеу еңбегіне сүйенсек, Еділ мен Жайық өзендерінің сағасы аралығындағы бұрынғы Бөкей ордасы орналасқан территория болатын. Осы өлкені алғаш адамдардың қоныстануы тарихшылардың айтуынша, б.з.д. XII ғасырда алдыңғы Азиядан Солтүстік Каспийде алғашқы адамдардың аууына байланысты болған. Яғни, бұл өлкеде алғашқы адамдар бұдан 14-15 мың жыл бұрын пайда болған.

Бұл мәселені түсінуде 1948-1950 жылдары осы өлкеде Саратов археологы В.Саницын мен 1967-1969 жылдары бұрынғы КСРО Ғылым академиясының археология институтының Ленинградтық бөлімінің академигі А.Мелантьевтің Кордуан, Қадірәлі,

Акжонас, Қошалақ, Қоныркұдық, Көкмұрын, Үштаған, Сазды және Орал облысының батысында жүргізген қазба жұмыстарының маңызы зор. Біздің өлке ежелден Азиядан Еуропаға және кері өтетін тарихи қақпа іспеттес болған. Сол арқылы әрлі-берлі алуан түрлі тілдерде сөйлейтін тайпалар, тайпа одақтары және халықтар өткен. Мысалы, б.з.д. VIII-VII ғасырда осы қақпа арқылы Азиядан Қара теңізге скифтер өтсе, сол скифтер тектес савроматтар осы өлкені біраз мекендеп, б.з.д. III ғасыр – б.з. IV ғасыры аралығында сарматтар деген тайпа одақтарымен қоныс алмастырады. Бұлар қазіргі ирандық тіл тобына жататын осетиндердің ежелгі тектері еді. Ал б.з. IV ғасырында (372) солтүстік Каспийге түркі тілдес ғұндар келіп кіреді. Бұлар осетиндердің тура атасына жататын алаңдарды қиратып, Батыс Еуропаға өтеді. Бірақ олар бұл маңда булғар, сабыр, абарлар, хазарлар сияқты түркі тілді тайпаларын қалдырып кетеді [1, 11].

Б.з. VI ғасырының ортасында Алтай тауынан Қара теңіз аралығындағы ұлан-ғайыр далада алтайлық түркілер (қазақ және тағы да 25-ке тарта халықтардың арғы тегі) өздерінің көшпелі империясын орнатады. VII ғасырда осы империяның қиыр батысында (орталығы Еділ өзенінің сағасындағы Атиль қаласы) Хазар қағандығы құрылады. Ол оңтүстігінде Иран, солтүстігінде орта Еділ тайпалары, батысында Қара теңіз бен Днепр өзені, ал шығысында Арал теңізі аралығына үстемдік еткен. Яғни, біздің өлке Шығыс Еуропадағы тұңғыш феодалдық мемлекет құрамына енген. Бұл өлкеге VIII-IX ғасырларда түркі тілді печенегтер және оғыздар (IX-XI) келген. Бұларды XI ғасырдың ортасында кыпшақтар ығыстырады. Бұл жерден IX ғасырда венгерлер де өтеді [2, 122].

Ал XIII ғасырдың басында өлкемізді Моңғолдар жаулап алып, осы ғасырдың 40-жылдарының басында Алтын орда деген атпен өз мемлекеттерін құрады. Оның о бастағы астана қаласы Сарай-Бату қазіргі Астрахань облысына қарасты Қарабайлы ауданындағы Селитренное селосының түбінде болса, одан кейінгі астанасы Сарай-Берке қазіргі Волгоград облысында орналасты. Алайда Тынық мұхит жағасынан Батыс Еуропа аралығын алып жатқан моңғол империясы XIV ғасырда ыдырап, Қазан, Астрахань, Қырым, Сібір, Ноғай хандықтары, Ақорда, бір ғасыр кейін Қазақ және Өзбек хандықтары құрылды. XV ғасырдың аяғында бұл мемлекет күйреп, тарих сахнасына Орыс мемлекеті шыға бастады. Ол XVI ғасырда күшейіп, 1552 жылы Қазан, 1556 жылы Астрахань және 1569 жылы Ноғай хандықтарын өзіне қаратты.

Үлкен Ноғай ордасының шекарасы шығыста Ертіс өзеніне, батыста қазіргі Красный-Яр ауданындағы Бозан өзеніне тіреледі. Оның орталығы Атырау облысындағы қазіргі Сарайшық селосының орнындағы XIII ғасырда іргетасы қаланған, бірақ 1570 жылдары Жайық казактары қиратқан Сарайшық қаласы еді. Мұның негізгі халқы ноғайлар мен қазіргі Кіші жүз қазақтарының бабалары еді. Бұлар өте көнедегі тектерін (IV-X ғасырлардағы ғұн мен түріктер) айтпағанда, XI-XIII ғасырда кыпшақтардан өрбіген ұрпақтары еді. Бұлар осы өлкені XVII ғасырдың 30 жылдарының басына шейін мекендеді. Ал XVII ғасырдың 30 жылдарынан бастап 1771 жылдың 5 қаңтарына дейін осы өлкені Алтайдан келген жоңғарлардың бір бұтағы қалмақтар қоныстанды. Олар ноғайларды Еділдің батысына, ал қазақтарды Арал теңізіне қарай ығыстырып, осы өлкеде 140 жылдай үстем болды [3, 5].

1771 жылы Үбіші хан бастаған қалмақтар Жоңғарияға кері көшіп, олардың Еділдің батысындағы аз ғана бөлігінен басқасы кетіп тынады. Ал бұлардың қалдығын орыс мемлекеті жібермей қойды. Астрахань хандығы мен Ноғай ордасын бағындырған орыс мемлекетіндегі Еділ және Жайық бойы казактары Жайық бойындағы бабаларымыз қонысын басып алып, онда көптеген әскери бекіністер орнатып, қос өзен аралығына жібермек түгілі Жайық өзеніне де жақындатпады. XVII ғасырдың 40 жылдарынан бастап Орыс мемлекеті Гурьев (қазіргі Атырау қаласы) қалашығын орнатып, қазақ жерлерін отарлауды күшейтеді. 1752 жылы Астрахань губернаторы бұл қаланы Жайық казактарының қарауына береді.

Алайда Жайықтың Шығыс бөлігіндегі қазақтар мұндай қыспаққа шыдай алмай, Каспий мұзы арқылы болса да Еділге қарай өтіп, қалмақтарды ойрандап, кейде ержүрек

батырлары сонда қыстап та кетіп жүрді. Мысалы, 1746 жылдың ақпанында қазақтың қарулы екі үлкен аттылы тобы Астрахань губерниясының Красный-Яр уездік қалашығына дейін келіп, қалмақ және орыс қыстақтарынан 37 адамды тұтқындап алып кетеді. Бұлардың 35-і қалмақ, ал екеуі орыс купецтері Ганюшкин мен Ветлугин еді [4, 7]. Ал 1748 жылдың қатаң қысында Алтай деген қазақ батыры өзінің ауылымен осы Қосөзен аралығына қыстап шығады.

Қалмақтар Жоңғарияға кері кеткен соң, бұл өлке 30 жыл бойы мал аяғы баспай, нулы жайылымға айналады. Жаз кезінде Астрахань губерниясындағы ноғайлар мен қарағаштардың кейбір ауылдары болмаса, далалық алқап бос жатқан-ды. Түрлі себептерден әкесі Нұралы ханнан іргесін айырып, жеке хандық құруға ұмтылған Бөкей сұлтанға бұл таптырмайтын қоныс еді. Сондықтан ол Астрахань казак полкінің командирі генерал П.Попов арқылы орыс патшасымен келіссөздер жүргізіп (1799-1800), ақыры (1801) дегеніне жетеді. Осы жылы ол өз қарамағындағы қазақ руларымен Жайықтан батысқа өтіп, Қосөзен аралығын қоныстанды. Бұл өлкені қоныстану біртіндеп өріс алды. Мысалы, 1803 жылы 7500, 1825 жылы 10 490, ал 1845 жылы (Жәңгір өліп, хандық жойылған жыл) 52 129 қазақ қоныстанды [4, 8].

Алайда Бөкей сұлтан хан лауазымын 1812 жылы ғана алды. Оның алғашқы кезде тұрақты басқару орталығы болған жоқ, ол қатардағы көшпелілер сияқты жазда Қамыс-Самар көлдерін жайлап, Каспий жағалауындағы Қасалған (Тақсалған болуы мүмкін) постысының маңына тұрақтаған. Оның інісі Шығай (Сығай) Көнеу төңірегін, ал ұлы Жәңгір «Белужья» көесіне қыстап жүрді. Яғни, бұларда тұрақты да отырықшы орталық болған емес. Бөкей хан өлгеннен кейін (1815) Жәңгірдің жастығы мен оқуын бітірмеуіне байланысты ел билігі уақытша Сығайға көшеді. 1820 жылы ол өзіне және жеңгесіне Көнеу маңынан үй салғызып, бірте-бірте отырықшылана бастайды. 1824 жылы оқуын бітіріп, хан тағына отырған Жәңгір Көнеу мен Жамбай селосы аралығынан тұрақты қоныс орнын таңдап, өзінің ордасын салуға патшадан рұқсат сұрайды. Бірақ патша оған қазіргі Орда селосы орналасқан Жасқұс жерін беріп, ордасын салуға қазынадан 36 102 сом 73 тиын қаржы босатады.

Сол кезде хандықтың территориясы қазіргі Құрманғазы, Исатай, Махамбет, Орал облысының Орда, Жәнібек, Жаңақала аудандарын, Фурманов ауданының батысын, Палласовка ауданының (Волгоград облысы) шығысын, Құмөзек, Володар және Қарабайлы аудандарындағы (Астрахань облысы) қазақ қоныстарын қамтитын. Хандықтағы қазақтардың үй саны мен рулық саны Жәңгір тұсында (30-жылдар) төмендегідей еді. Негізінен хандықтың халқы Кіші жүз рулары мен қожа, ноғай және төлеңгіттерден тұрған.

Байұлына қарасты Беріш руынан: Жайық, Есенғұл, Қаратоқай, Құлкеш, Бегіс, Есен, Себек, Жаңбыршы, Бесқасқа және бұлардың одан әрі бөлінген тармақтары: Тілеуке, Бөлек Жайық, Тыныс, Тушаш, Жарылғас, Қара баласы, Асанүсләк, Байтана, Отарқарашы, Күшетер, Бессары, Аққұлы, Ақтұлат, Бұнан, Шедене сияқтылар Бөкеймен бірге келген. Сол кездегі есеп бойынша қазақтардың үй-ішіндегі жан саны 5 не 6 адам деп алынған. Беріштердің үй саны (киіз үй) 3 600 болған. Беріштер Каспий жағалауын қыстап, Нарынқұм жерін жайлаған. Шеркештер: Қойыс, Шумақ, Жауғашты, Қосым, Қылышкескен, Құлақасқа, Сатай бөлімдері 2000 киіз үй құраған. Қыстаулары Каспий жағалауындағы қамыс арасында және Дүйсекұмда да, ал жайлаулары Каспийден Нарын құмына дейінгі алқапта болған.

Алаша Сары, Барамық, Қоңырбөрік, Тоқбас, Алғабас, Көбелей бөлімдерінен тұрған. Олардың 1700 үйлері қыста Қамыс-Самар мен Баршақұмда, ал жазда Өзендер мен Нарынның солтүстігінде болған. Құрамы Ботаннан өрбіген Айтымбет, Қара, Бұғанай, Құشناқ, Токсоба, Жауғашты, Құлшық, Сағай, Қоянқашты, Құдайназар бөлімдерінен тұратын Байбақтының 1980 үйлері Қамыс-Самар мен Өзендерді қыстап, Нарынның Толыбай құмын жайлаған. Қалқаман, Асан, Жиёмбет, Ақымбет, Қарашақ, Қарақұнан, Бессары бөлімдерінен тұратын Тананың 850 үйлері қыста Нарынның түстігінде, ал жазда Өзендерде өткізген. Сондай-ақ 850 үйлі Жаппастар Шалтан, Қаракез, Қияқы, Досымекей,

Қарақұл, Бекес, Андағұл, Сейтқұл Дүйсекұмды қыстап, жазда Нарын мен Каспий аралын мекендеген. 780 үйлі Адай (Мұғал, Тобыш, Жаман, Құнанорыс, Балықшы, Ақпан, Кеңшалбар, Тәзіке) қыста Каспий жағалауын паналап, жазда Нарынды жайлаған. 600 үйлі Ысықтар (Қадыргүл, Құтораз, Ақсары, Сары) қыстың бір бөлігін Қамыс-Самарда, қалғанын Каспийде өткізіп, Чапчачиді жайлаған. Бұл соңғы атау Азғырдың қосалқы атауы болса керек. Негізінде Чапчачи деп аталатын тұзды көл де осы жерден көп қашық емес. 650 үйлі Қызылқұрт (Соба, Имуры, Олжашы, Жаршы) Жаманқұмды және Каспий жағалауын қыстап, жазда Өзендерде көшіп-қонып жүрген. 620 үйлі Ноғайлар (Қояс, Қазанқұлақ, Қостанбалы, Үйсін) қыста Нарынның жоғары жағын паналап, жазда Самар губерниясының Николаев уезінде көшіп-қонып жүрген. 200 үйлі Таздар (Абдал, Шарға, Жастабан) қыста Орал қаласы шекарасына жақын жерді және Каспийді мекендеп, Нарынның түстігін жайлаған. 320 үйлі Масқарлар (Құттыке, Дам, Масак) қысы-жазы Нарын маңында көшіп-қонып жүрген. 350 үйлі Есентемірлер (Тағашы, Көн, Қаратамыз, Сулықөз) таздармен көршілес тұрған. 400 үйлі Кете қысты Көнеу кордонында, жазды Каспий мен Нарын аралығында өткізген.

Жеті рулар (Табын 250 үй, Тама – 400 үй, Кердері – 400 үй) және сұлтандар мен қожалардың 200 үйлері, 400 үйлі төлеңгіттер жалпы халық арасында аралас тұрған. Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсында Бөкей ордасында 16 550 түгін болды [5, 4].

Жалпы алғанда Жайықтың арғы бетінен қоныс аударып келгендер тап осы аймақтан «жер ұйығына» ұшыраса алмаған сияқты, өйткені жердің ең шұрайлысын хан-сұлтандар, байлар мен қожалар өзара бөлісіп алып, жарлы-жақыбайлар мен жатақтар күнкөрісінде анау айтқан өзгеріс болмаған сияқты. Бұл әрине таптық қоғам үшін заңдылық құбылыс, өйткені Бөкей мен Жәңгір бұл жерге қара халықты көгертейін деп әкелмегені сөзсіз. Алайда барлық жағымсыз жақтары мен қайшылықтарына қарамастан бұл жаңадан құрылған Бөкей хандығы қазақ тарихындағы ерекше мемлекет еді. Оның үстем таптардың қараша халықты қанау, езу құралы болғандығына ешкімнің де таласы болмаса керек. Олай болмағанда оның мемлекеттік аппарат болуының қажеті жоқ-ты. Тіптен ол хандық болып құрылмай жатып-ақ таптық күрестің ошағына айнала бастады. Мысалы, 1804 жылы «қазақтарды әскерге алады» деген лақап тарап, халық арасында толқу пайда болды. Ал бұл жағдай Бөкейге деген халық наразылығын туғызды. 1815 жылы 14 шілдеде Байұлының төрт старшинасы және ноғайлар Астрахань казак полкінің командирі В.Скворцовқа «ерікті көшіп-қонуға жағдай жоқ, түрлі қысым көбейіп барады, сондықтан кері Жайықтың шығысына кететіндерін» айтып шағынған [6, 10]. 1827 жылы «қазақтарды Еділдің батысына көшіріп, патшаға салық төлететін етеді» деген лақап хабардың селбеуімен толқулар туып, 1000 үй кері көшіп кеткен.

Сөйтіп, Бөкей ордасында оның пайда болуынан бастап-ақ халық арасында баянды тыныштық болып көрмеген сияқты, өйткені осыдан он жылдан соң болған Исатай-Махамбет халық көтерілісінен кейін хандық толық 7-8 жыл да өмір сүре алмаған жоқ па? Алайда «өнер де құрбандықсыз қолға түспейді» демекші, бұл даланың кедей халқы зәбір-жапа шеккенмен (таптық қоғамда онсыз өмір сүру әлі кездеспей келеді) сол қиындықтардың және басқа да көрші халықтардың ықпалымен халқымыздың мәдениет саласындағы ерекше дамуын жасыруға болмайды. Тек өткенді жамандап, мәселені біржақты қарастыру ешуақытта да жақсылыққа жеткізбеген шығар. Сондықтан Жәңгір хан болған кезде (1824-1845) бұл далада болған көптеген прогресшіл өзгерістерді айтпай кету дұрыс емес сияқты. Қазақтардың отырықшылыққа көшуі, пішен дайындауды игеру, оқу-білімге ұмтылу, бүкіл қазақ жеріндегі тұңғыш қазақ тіліндегі мектептің ашылуы (1841), дәрігерлік және мал дәрігерлік шаралар (адам мен малдарды егу), дәріхананың пайда болуы, қыздар мен әйелдер арасында оқу-білімнің тарауы, қазақ интеллигенциясы мен жұмысшы табының қалыптаса бастауын Жәңгірдің білімді әрі зиялы басшы болғанын дәлелдейді.

Сондықтан Бөкей ордасының алатын орнын тек қарама-қайшылық күресі, халықты қанау ошағы ретінде ғана емес, кейбір игі істердің де ұясы болғандығы тұрғысынан қарау керек. Әсіресе, біз осы ұядан өрбіген есімдері аяулы интеллигенция мен дарынды өнер

қайраткерлері, ел басқарған азаматтар мен әскери қайраткерлерді ұмыта алмаймыз. Мәдениет пен өнер иелері Құрманғазы, Шәңгерей, Мұрат Мөңкеұлы, Дәулеткерей, Естай, Дина, Үзак, Жақия, Түркеш, Сейтек, Ығылман Шөрекұлы, Соқыр Ишан, сондай-ақ Қабыланбай, Айтас Көсепұлы, Еркінәлі, Үбі, Мәстек, Досақан Жәнібекұлы, Сарт Еділұлы, Көбек Алғаұлы, Өтеміс Қошқарұлы, Еділбай Сәрсенбіұлы, Наурызалы Қаржауұлы, Айтмағанбет Өтегенұлы, Рахметолла Бекұлы, Аманбай Кебекұлы сынды Исатай мен Махамбеттің үзеңгілес батырлары, ғалым Салық Бабажанов, ел басқарушы Мақаш Бекмұхамбетов, қолбасшы жаяу әскер генералы Ғұбайдолла Жәңгіров, қазақ арасынан тұңғыш жарып шыққандардың ішінен Қазан университетінен дәрігерлік мамандық алған М.Шолтыров пен М.Шомбалов, фельдшерлер Қ.Мамеков, Х.Шығаев және К.Боқанов, қатардағы ауыл мұғалімінен министрлікке дейін жоғарылаған С.Мендешев пен Н.Манаев, тұңғыш қазақ қыздары арасынан өнеркәсіптік академия бітіріп, тау-кен инженері болған М.Бегалиева, көпке танымал А.Оразбаева, тұңғыш қазақ арасынан шыққан революционердің бірі М.Өтегенов, Қазақстанда тұңғыш құрылған атты полк комиссары Б.Жәнекешев осы «Алақандай Нарынның» түлектері еді.

Бөкей даласы бүкіл Қазақстанда тұңғыш жұмысшы табы қалыптасқан аймақтардың бірі болып қана қоймай, жаңа кеңестік өмірге бірінші болып көшкен өлке. Ал ғылым мен өнер, еңбектегі ерлік саласында қаншама бөкейлік қазақтар бар! Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, Ф.Оңғарсынова, Н.Жантөрин, Ә.Есқалиев, Б.Карабалина, ондаған Кеңес Одағының батырлары мен Еңбек ерлері, жүздеген ғылым қайраткерлері мен ел басқарған азаматтар осы даланың өрендері.

Осы орайда М.Қ.Жолжанов «...Еділ-Жайық аралығында соңғы екі ғасырда тұрақты өмір сүрген қазақтардың тарихы жаңаша зерттеуді талап етеді, әсіресе оның алғашқы жарты ғасырын қайталап, жаңа тұрғыдан қараса нұр үстіне нұр жауар еді, өйткені онда көптеген түсініксіз жайттар бар», – деп Еділ мен Жайық тарихы әлі де тың зерттеулерді күтетінін айтады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Жолжанов. «Думаю, это было так...» «Прикаспийская коммуна», 1996, 10 сентября. С.11.
2. М.Жолжанов. Патриотизмге баулимыз. «Коммунистік еңбек» газеті. 1967 жыл №122(104).
3. М.Жолжанов. Құрманғазы. «Ана тілі» газеті 1993 жыл, 2 желтоқсан. 5-б.
4. М.Жолжанов. Когда родился Курмангазы? «Волга», 1996, 27 января. С.7.
5. М. Жолжанов. Құрманғазы, «Атырау» газеті, 1996, 30 шілде. 9-б.
6. М.Жолжанов. Қазақ атауы қайдан шыққан. – Орал. 1995. – 65 б.
7. Жолжанов М.Қ. Еділ-Жайық – екі су (қолжазба).
8. Табылдиев Х.Б., Жолжанов М.Қ. Құрманғазы Сағырбаев. – Алматы: Ғылым, 1999.
9. Жолжанов М. Дала академигі. – Алматы: Балауса баспасы, 2019.